Жағажайларымыз жанға жайлы ма?

Ержан ӘБІШ

Әрбір адамның жаны тыныштық пен шексіз шаттықты қажет етеді. Жаздың аптап ыстығында мөлдір сулы көлдің жағасында отырып, балалық шақтың шуақты күндерін еске алу адам жүрегіне қуаныш сыйлайды. Осындай бір әсерлі сәттерді сезінуге мүмкіндік беретін орын – Ұлан ауданындағы Сібе көлдері...

Ермек ЖИЕНБЕКОВ

Аталған көлдерде муниципалдық жағажай осыдан жеті жыл бұрын пайдалануға берілген еді, содан бері ол жұрттшылық үшін қолайлы демалыс орнына айналған. Сібедегі бес көлдің ішіндегі ең үлкені – Шалқардың жағасында балалар мен ерсектерге арналған ойын алаңдары, спорттық құрылғылар орнатылып, жағажай демалысты сапалы ұйымдастырудың үлгісі ретінде бағаланды. Бүгінгі таңда бұл инфрақұрылым өзінің қызметтік әлеуетін толық сақтап келеді. Жағажай аумағындағы балалар және спорт алаңдары қалыпты жұмыс істеп тұр. Жыл сайын жоспарлы түрде қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Осы аудандағы тағы бір көрікті жер – Шыбындыкөл. Көркі көз тартатын бұл су айдынының әлеуетін толық пайдалана алмай келеміз. Тіпті, барар жол мен жағада қарапайым дәретхананың жоқтығын қайтерсіз?! Алайда бұл жағдай түбегейлі өзгермек.

ШАЛҚАРДЫҢ ЖАҒАСЫНА КИІЗ ҮЙЛЕР ТІГІЛДІ

Биылғы жазғы демалыс маусымына Шалқар көліндегі муниципалдық жағажайда дайындық қызу жүрді. Туристер легі жыл сайын артып отырған бұл аумақта демалушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігі – басты назарда. Осы мақсатта жағажайдың инфрақұрылымы кезең-кезеңімен жаңартылып, толықтырылып келеді.

Ұлан ауданы әкімінің орынбасары Лязиза Кенжетаеваның айтуынша, қазіргі кезде жағажай аумағында алты тұрақты күрке орнатылған. Бұл көлеңкелі алаңдар күннің аптабынан қорғануға, жайлы отыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ биыл жаңашыл әрі ұлттық нақышта безендірілген 12 дәстүрлі киіз үй тігілді. Бұл тек жайлы қоныстану орнын ұсынумен шектелмей, жағажай аумағына этномәдени атмосфера сыйлап тұр. Киіз үйлер арқылы туристерге қазақтың салт-дәстүрін сезіну мүмкіндігі жасалған.

Сонымен қатар жағажайда төрт киім ауыстыратын бөлме жабдықталған. Бұл – әсіресе отбасылық демалушылар үшін маңызды жағдай. Қонақтар үшін санитарлық-гигиеналық тораптар да толықтай жарақталып, талаптарға сай қызмет көрсетуде.

Жалпы алғанда, жағажай аумағындағы өзгерістер демалушыларға қолайлы жағдай жасап қана қоймай, туристік ортаның тартымдылығын арттыруға бағытталған.

СУ АЙДЫНДАРЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАУІПСІЗ?

Шомылу маусымында қауіпсіздік мәселесі алдыңғы орынға шығады. Шалқардағы муниципалдық жағажайда бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты жүргізіліп келеді. Демалушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау – басымдық.

Биылғы шомылу маусымына байланысты арнайы жиын өткізілді. Оған мемлекеттік органдар өкілдері, демалыс базаларының иелері және туризм саласындағы кәсіпкерлер шақырылды. Бұл іс-шара жазғы кезеңде су айдындарында қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыру мақсатында барлық мүдделі тараптардың іс-қимылдарын үйлестіруге бағытталған еді.

– Қазіргі уақытта жағажай аумағында құтқару мұнарасы орнатылған, бұл – оқыс жағдайдың алдын алуға бағытталған маңызды инфрақұрылым. Сонымен қатар жағажай әкімшілігі жыл сайын «ШҚ Восток-Күзет» ЖШС-мен арнайы келісімшарт негізінде құтқарушылар қызметін ұйымдастырады. Құтқару қызметінің жұмыс уақыты – таңғы 20:00-ден түнгі 23:00-ге дейін, яғни күннің ең белсенді сағаттарының барлығын қамтиды, – дейді Ұлан ауданы әкімінің орынбасары Лязиза Кенжетаева.

Қауіпсіздік саласында қабылданған бұл шаралар – демалушылардың сенімділігін арттырып, жағажайдағы тәртіп пен тыныштықты сақтауға мүмкіндік беріп отыр. Бұл ретте, әкімдік пен тиісті ұйымдар арасындағы үйлесімді ынтымақтастық – жазғы маусымның сәтті өтуіне үлкен сеп.

ТАЗАЛЫҚ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ

Сібе көлдері – табиғаттың сыйы. Сондықтан оны таза ұстау – әрбір демалушының борышы. Бұл ретте жағажай әкімшілігі мен жергілікті атқарушы органдар тарапынан жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

– Былтыр жағажай аумағындағы тазалықты қамтамасыз ету мақсатында «Өскемен Тазалық» ЖШС-мен арнайы келісімшарт жасалған. Соның нәтижесінде сегіз қоқыс контейнері орнатылып, тұрмыстық қалдықтарды шығару тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Осы жылы бұл жұмыс жалғасын тапты, – дейді Лязиза Кенжетаева.

Контейнерлер жеткілікті, олар жағажайдың әр аумағын қамтып, тазалықты сақтау мен тұрмыстық қалдықтарды уақытылы жоюға мүмкіндік береді. Бұл – санитарлық талаптарды орындау ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаны аялау мәдениетін қалыптастырудың бір тетігі.

АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ АҚСАП КЕЛГЕН ЕДІ

Сібе көлдеріне алғаш рет келетін туристер үшін жол табу мен қажетті ақпаратқа қол жеткізу – маңызды фактор. Осыны ескерген жауапты органдар жол бойына бағыттаушы белгілер орнатып, туристік нысандарға апаратын жолдарды анық әрі түсінікті етіп белгіледі.

Сондай-ақ муниципалдық жағажай аумағында ақпараттық стендтер орналастырылған. Бұл стендтерде жыл сайын мемлекеттік органдардың демалысқа және қауіпсіздікке қатысты өзекті хабарламалары жарияланып тұрады. Мұнда суға шомылу ережелері, санитарлық нормалар, шұғыл жағдайлардағы әрекет ету тәртібі, аймақта өтетін маңызды оқиғалар туралы хабарламалар бар.

Ақпараттық бағыттаушы жүйенің болуы жағажай мәдениетінің қалыптасуына, сондай-ақ аймақтың туристік тартымдылығын арттыруға үлкен үлес қосып отыр.

ШЫБЫНДЫКӨЛ ШЫРАЙЛАНА ТҮСПЕК

Ұландағы тағы бір су айдыны – Шыбындыкөл – демалушылар арасында танымал орын. Алайда, осыған дейін көлдің әлеуеті толық ашылмай, санитарлық жағдайлар мен инфрақұрылымның жетіспеушілігі туристердің көңілін көншітпей келген-ді. Алдағы уақытта бұл мәселелер түбегейлі шешімін тауып, Шыбындыкөл Қазақстанның туристік картасында жаңаша жарқырамақ.

Шыбындыкөлге келушілерді бұрыннан мазалаған басты мәселелердің бірі жағалаудағы санитарлық тораптардың жоқтығы еді. Бұл демалушылар үшін қолайсыздық тудырып, табиғи ортаның ластануына да себеп болды. Алайда, енді бұл мәселе жойылады.

Жақында Шыбындыкөлді дамыту жоспарын әзірлеу конкурсы өтті. Жоспарланған қаржы түскеннен кейін бірқатар маңызды жұмыстар қолға алынбақ. Ең алдымен, жол жөнделіп, көлге жету ыңғайлы болады.

Сонымен қатар муниципалдық жағажай құрылмақшы. Бұл жағажай заманауи талаптарға сай жабдықталып, демалушыларға қауіпсіз және жайлы демалыс ұсынады. Жағажайды абаттандыру жұмыстары аясында шайынатын, киім ауыстыратын орындар және басқа да қолайлы жағдайлар жасалмақ.

ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ДЕ ТАРТЫЛАРЫ АНЫҚ

Инфрақұрылымның жақсаруымен қатар, Шыбындыкөлге келушілер саны артып, аймақтың экономикалық дамуына да оң әсерін тигізеді. Жергілікті кәсіпкерлікке қолдау көрсетіліп, жаңа жұмыс орындары ашылуы мүмкін.

Ауданы әкімінің орынбасары Лязиза Кенжетаеваның мәлімдеуінше, демалушылардың жайлылығын арттыру мақсатында өткен жылы төрт қоқыс контейнері орнатылған. Бұл – тазалықты сақтау мен экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы алғашқы қадам. Алдағы уақытта муниципалдық жағажай құрылғаннан кейін, орындықтар, көлеңкелі шатырлар сияқты басқа да абаттандыру элементтері қарастырылады.

– Көлге апаратын жолдың жағдайы да назардан тыс қалған жоқ. Осы жылы көлге апаратын кірме жолды жөндеу жұмыстарына қаржы бөлу жоспарлануда.

Көл суының сапасы мен экологиялық жағдайы – демалушылар мен жергілікті тұрғындарды алаңдататын басты мәселелердің бірі. Бұл бағытта тұрақты бақылау жүргізіліп отыр. Жыл сайын санитарлық-эпидемиологиялық қызмет тиісті зерттеулер жүргізеді. Бұл шаралар көл суының тазалығын қамтамасыз етіп, демалушылардың денсаулығына қауіпсіздік кепілдігін береді, – дейді аудан әкімінің орынбасары.

Сонымен қатар демалыс базаларының желісін кеңейту жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Атап айтқанда, «QaiMak Resort» ЖШС 20-дан астам заманауи үй салуды көздейтін ауқымды жобаны қолға алды. Бұл үйлер тұруға қажетті барлық керек-жарақпен жабдықталады.

Жалпы алғанда, Шыбындыкөлді дамытуға бағытталған бұл кешенді жұмыстар оның туристік әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді. Болашақта бұл өңір тек жергілікті тұрғындар үшін ғана емес, сонымен қатар алыс-жақын шетелден келетін туристер үшін де сүйікті демалыс орнына айналатыны сөзсіз.

visiteast.kz

Нұрдәулет Ақыш, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері:

«Ұрпақтық парызымды орындадым...»

Филология ғылымдарының докторы, белгілі қаламгер жерлесіміз биыл 75 жасқа толмақ. Осынау мерейтой қарсаңында елге келген сапарында қаламгер ағамызбен жолығып, аз-кем әңгімелескен едік.

– Құрметті Нұреке! Газет редакциясы атынан осынау мерейлі жасыңызбен қызу құттықтаймын.

– Рақмет, Секе!

– Көпшілік сіздің көптеген әңгімелер мен повестердің авторы екендігіңізден хабардар. Оларды жариялау да оңай болмаған шығар. Бірақ, редакция кідіртпестен жариялап жіберген шығармаларыңыз болды ма?Ондай болуы да мүмкін ғой.

– Иә, бар. Олар – «Нағыз әже қайда?», «Көлік үстіндегі «қызылкөз», «Көнбіс бәйбіше», «Қалмақтан қашқан Қыстаубай», «Байлар кварталында» сияқты әңгімелер. Алғашқысы жас кезімде «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында істеп жүрген шағымда жазылған. Үстінен бір қарап шығып ұсынғаным сол еді, газеттің келесі номерінде жарқ ете түсті. Оның жедел жарияланыуына мұрындық болып, қол қойып жіберген – сол кездегі бас редактор Шерхан Мұртаза. Кейін осы шығармам мектеп оқулығына кірді.

«Көлік үстіндегі «қызылкөз» әңгімесінің тағдыры да соған ұқсас болды. «Жұлдыз» журналына ұсынсам, проза бөлімінің меңгерушісі Оралхан Бөкей маған айтпастан, келесі номерге кезектен тыс салып жіберіпті.

Жүгіріп келіп: «Әй, сенің «Қызылкөзің» шыққалы жатыр. Қане, жуасың!» деп сүйінші сұраған – сол редакцияда істейтін Тұрсын Жұртбаев. Бірақ мен жуған жоқпын. Соны көңіліне алып қалған Тұрсын досым осы күнге дейін мені «Қызылкөз» деп атайды.

«Көнбіс бәйбішені» жазыла салысымен бір газетке ұсынуға алып келе жатқанымда, қарсы алдымнан сол кездегі «Ана тілі» газетінің бас редакторы Мақсат Тәжімұратовтың кезіге кеткені. Жөн сұрасқан соң, келген шаруамды айтып едім, «Қане, ол әңгімеңізді көрейінші» деп кабинетіне алып кірді. Алғашқы бетін шапшаң оқып шықты да: «Нұреке, сіз бұл шығарманы ол жаққа апармай, маған қиыңыз» деп қолқа салғаны. Қарасам, келесі санында «Көнбіс бәйбішем» қос бетті алып жалпиып жатыр. Одан кейінгі сандарында осы әңгімені талқылаған хаттар жарияланыпты.

Көп жылдан кейін «Жас Алаш» газетіне ұсынған «Байлар кварталында» атты әңгімем де (оның жазылу тарихы жайында кейінірек айтамын) жедел жарияланып кетті. Оның дереу оқырман көзайымына айналуына ықпал жасаған – бас редактордың сол кездегі орынбасары Әмірхан Меңдеке. Осы жазғанымды оқып шығысымен-ақ, дереу маған телефон соғып: «Нұреке, мына әңгімеңізді мен келесі санға салдырғалы отырмын. Басқа алып-қосарыңыз жоқ қой?» деп хабарласқан кезде өзім де таң қалдым. «Әмірхан, кішкене тостыра тұрмадың ба, кезекте тұрған басқа авторларыңды жариялай берсең қайтеді?» деппін бір жағы қалжыңға сүйеп.

Сөйтсем бас редактордың орынбасары: «Осы әңгімеден алған әсерім айықпай тұрғанда, жариялап жібергім келіп тұр. Қаны тамған өмір шындығы екен, Нұреке, қарсы болма» деді. Айтқандай-ақ газеттің ертеңгі санында «Байлар кварталында» әңгімем жарқ етіп шыға келді. Бұл өзі көркемдік кілті оңай табылып, тез жазылған туындылардың қатарынан. Бәрі көкейімде сайрап жүретін. Бірақ жазуға күнделікті қарбалас тіршілік мұрша бермей қойған еді.

Жедел шығып кеткендерімнің ішінде тек мерзімді баспасөзге ұсынғандарым ғана емес. Сол сексенінші жылдардың басында «Жалын» баспасына кіші жастағы балаларға арналған бір шағын жинағымның қолжазбасын апарып бердім. Баспаның қолжазбаларды жатқызып қоятынынан хабарым бар, сондықтан асықтырмайын деген оймен тапсырған редакцияма бірер ай бойы жолай қойғаным жоқ. Сонан бір жолым түскенде, шығармам жатқан кабинеттің табалдырығын аттамаймын ба. Сөйтсем қолжазбаға редактор болып Сейітқұл Оспанов тағайындалған екен. Алдына барып:

– Иә, Сейітқұл, – дей бергенім сол екен, ол жұлып алғандай қылып:

– Кітабың өндіріске кетіп қалды, – деп қарап тұр.

– Қалай кетіп қалды?

– Рецензенттер жақсы баға беріпті. Өзім де солардың пікіріне қосылдым. Редакцияда талқыладық та, өткізіп жібердік. Жақсы дүниені несіне ұстаймыз?

Қайран қалғанымды жасыра алмадым. Өйткені авторлардың жылдар бойы қолжазбаның соңында жүріп, кейде әрең өткізіп жататынын білетінмін және редакциялық кеңестің талқылауына авторлар міндетті түрде қатысатын сияқты еді.

– Онда, – дедім редакторыма, – верстқасы келгенде маған оқытып аларсың.

Сейітқұл бас изегенімен, сөзінде тұрған жоқ, кітап менің көзіме түспеген сол қалпы шығып кетіпті. Авторлық даналарын алуға ғана келдім. Ешқандай қате я болмаса автор ескерту жасайтындай бір ілік жоқ. Балаларға арналған «Қиырдан келген көгершін» атты кітабым да осылай жарық көрді.

Әдебиетті жақсы түсінуімен бірге әділ редактор еді Сейітқұл. Иманы жолдас болсын жарықтықтың.

– «Рақымсыз көктем» атты хикаяңыздың оқиғасы өз еліңізде болған деп естіп едім. Сол рас па?

– Ойымда ұзақ уақыт іркіліп, жазылмай жүрген туындыларымның бірі – осы «Рақымсыз көктем». Туындының жалпы нобайы ойымда жүргенімен, оны қағаз бетіне түсіруге кірісе алмай, созбақтатып кейінге ысыра бердім. Ондағы айтылатын оқиғаларды мен бала жастан естіп өссем де,



туындыға айналдырар уақытта жетіспейтін тұстарын аңғарып отырдым. Естігендерімді сол жалаң күйінде қағазға сүйкектетіп түсіре салғым келмеді. Тағы бір қажетті деген тұстары жетпейтінін сездім. Сол естіп жүрген әңгімемді түйіндеу мәселесі, сюжетті көркемдік талапқа сай ете білу деген проблема ойымда көптен жүрді. Менің бірден жазуды бастап кетуге батылым бармай, кідірістей бергенім де – сол компоненттердің толық болмағандығынан. Ақыры көп жыл өткеннен кейін ойымда әбден пісіп-жетілді-ау деген кезде барып, столға отырдым. Іздеп жүрген нақты деректер қолыма түсті әрі шығарманың сюжетін тартымды ете түсетін тұстарын іріктеп алдым.

Небәрі 60 беттен сәл ғана асатын хикаятқа кіріскенім – бас-аяғын бүтіндеп, көркемдік компоненттерді жинастырып алғаннан кейін.

– Оқиғаның желісіне тоқтала кетсеңіз?

– Сол өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы ашаршылық кезеңінде қызылдардың бір топ ауыл адамдарын атып тастағандығы туралы әңгімені үлкендердің аузынан бала кезден естіп жүретінмін. Ол оқиға өзім туып-өскен Тарбағатай ауданындағы Покровка (қазіргі Маңырақ) селосында болған. Ересек жасқа жеткенімде осы туралы немере ағам Бақдәулеттен қайталап сұрадым. Кейбір жерлерін Бақзейнел деген апайымыз да толықтырды. Сол естіген қалпында да қағазға түсіре салуыма болатын еді. Бірақ тым жадағай болып шығатындай көрінді. Көркемдікке деген ішкі талаптарым өзімді онша қанағаттандырмай жүрді.

Бірақ өзіме-өзім қанағаттанбағандықтан әрі деректер толық болмағандықтан, бұл оқиғаны жазуға көп уақыт батылым бармағанын айтуым керек. Сонан өзім қартаюға айналған уақытта барып, бірер кілтін тапқандай болдым. Оның үстіне ізденістің нәтижесінде сол оқиғаға қатысты адамдардың аты-жөндері де анықтала бастады. Содан барып, ақыры пісіп-жетілген дүниені осыдан оншақты жыл бұрын ғана өмірге әкелгенім рас.

– Біраз жыл кешіксе де, әуелде алға қойған мақсатыңызға жеттіңіз ғой?

– Осы тақырыпқа орай басты қаламгерлік парызым деп санағаным – мүмкіндігінше болған ауыр оқиғаны сол қалпында бүгінгі күннің оқырманына жеткізу. Жалпы нобайы ойда пісіп жүрсе де, шығарманы жазу ұзаққа созылып кетіп, ақыры бір қыс айларында өмірге әкелдім. Соның өзінде түгел жазып тастауға уақыт таба алмай, үзіп-үзіп келесі жылдың жазына дейін жеткізгенім де рас. «Аруақтардың алдындағы ұрпақтық парызымды осылай орындадым» деп ойлаймын.

Оны оқыған адамдардың, жазушылардың пікірі бір жерден тоғысқаны да бұл туындының өз деңгейінде жазылғанын білдіретін ортақ түйін деуге болады. Мысалы, осы шығарма жөнінде өзімнің қаламдас әріптестерім Смағұл Елубай мен Қуандық Түменбай баспасөз беттерінде жақсы пікірлерін білдірді. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді. Шамасы, осы туындының көркемдігі мен айтар идеясы оқырмандар көңілінен шыққан болса керек.

– Қалай деп ойлайсыз, сіздің басты шығармаңыз қайсысы?

– Орынды сұрақ. Өз тәжірибемнен байқағаным, басты шығарманы кезең-кезеңімен ғана белгілеген жөн екен. Өйткені жылдар өткен сайын автордың басты шығармасы өзгеріп тұратынын байқадым.

Мәселен, әдебиетке алғаш мені танытқан балаларға арналған «Жұмбақ іздер» атты шытырман оқиғалы повесть – біразға дейін өзім үшін басты шығармамдай әсер етіп келді. Бірнеше повесть пен біраз әңгімелер жарияланғанша, сол алғашқы кітабым басты шығармам деген орнынан айни қойған жоқ.

Ал сексенінші жылдардың ішінде мен төрт-бес кітап шығарып үлгердім-ау деймін. Тоқсаныншы жыл келгенде жарық көрген кітабым – «Жатақхана қыздары» атты көлемді повесім. Бәзбіреулер бұны роман деп атау керек еді» деп жүрді.

Сол тоқсаныншы жылдары өзімнің негізгі туындым ретінде бағалағаным – жұрттың аузында жүрген осы «Жатақхана қыздары». Бұдан соң жаңа ғасырдың көгінде көрінген «Рақымсыз көктем» атты жоғарыда айтылған хикаятымды өзім басты шығармама баладым. Бұның көлемі де 60 беттің ар жақ, бер жағында болғанымен, тарихи-көркемдік жүгі әжептәуір маңызды да салмақты еді. Сондықтан бұл шығарманы бірер жыл бойы өзімнің басты шығармам деп санадым.

Уақыт өткеннен кейін таңдауым бір-екі жылда тағы да өзгерді. Енді әдебиеттанушылардың назар аударғаны – менің өмірбаяндық – «Аласа таулар аясында» деп аталатын романым. Бұл негізінде өзім үшін, өзімнің ұрпақтарым үшін жазылған дүние болатын. Көкейімде көптен жүрген шығармашылық жоспарымның бірі ол – балалық шағымды ұмытпай, қағаз бетіне түсіріп қою керек еді деген қиял. Қолжазбама қарап отырсам, «Бісміллә» деп алғаш қалам тигізген уақытым 1994 жылдың 9-қарашасы екен. Содан, сізге өтірік, маған шын, ақыр соңында көздеген жеріме 2017 жылы жетіп, нүкте қойыппын.

– Бақандай 23 жыл жатып қалуына не себеп болды?

– Бірақ әр кезде тоқтап-тоқтап жазылған шығарма болғандықтан, үстінен міндетті түрде қарап өту қажеттігі туды, оның өзі ұзаққа, бір-бір жарым жылға созылды-ау деймін. Жаңа эпизодтар енгіздім, тілдік кемшіліктеріне назар аудардым. Осындай уақытты жіберіп, жарық көрген туындым әдебиеттанушылардың, жекелеген оқырмандардың тарапынан жақсы қабылданды. Сөйтіп біраз уақыт негізгі шығармама айналды.

Енді дәл бүгінгі таңда менің басты туындым – қазақ халқының ұлы тұлғасы Ыбырай Алтынсариннің өміріне арналған «Алтынсарин алауы» атты романымның бірінші кітабы. Екі томдық деп жоспарланған бұл көлемді туындының соңғы кітабы да жалпы бітуге шақ.

– Бастаған ісіңізге береке берсін!

Әңгімелескен –
Серік ҚҰСАНБАЕВ